



**"Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне
микрокредиттік ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар
енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 16 қыркүйек N 1019

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы К010155_
кодексіне микрокредиттік ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша өзгеріс пен
толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан
Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы
кодексіне микрокредиттік ұйымдар қызметінің мәселелері бойынша
өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

1-бап. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық
бұзушылық туралы К010155_ кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің
Жаршысы, 2001 ж., N 5-6, 24-құжат; N 17-18, 241-құжат) өзгеріс пен толықтырулар
енгізілсін:

1) мынадай мазмұндағы 168-1-баппен толықтырылсын:

"168-1-бап. Микрокредиттік ұйымдар туралы заң талаптарын бұзу

1. Микрокредиттік ұйымдардың микрокредиттік ұйымдар туралы заңдарға сәйкес
тыйым салынған не олардың құқық қабілеттілігі шегінен тыс операциялар мен
мәмілелер жасауы, -

лауазымды адамға - айлық есептік көрсеткіштің қырықтан жетпіске дейінгі
мөлшерінде, заңды тұлғаға - мәміле сомасының оннан бір процентіне дейінгі не

операциялар бойынша алынған кіріс сомасының елу процентіне дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Микрокредиттік ұйымның бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау күніне шындыққа сәйкес келмейтін жарнаманы хабарлауы немесе жариялауы, егер бұл іс-әрекеттердің қылмыстық жаза тартатын белгісі болмаса, - заңды тұлғаға екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Микрокредиттік ұйым ретінде тіркелмеген заңды тұлғаның өз атауында, құжаттарда, хабарландырулар мен жарнамада "микрокредиттік ұйым", "МКҰ" деген сөздерді немесе ол микрокредиттер беру жөніндегі қызметті жүзеге асыратындығын болжайтын олардың туынды сөздерін пайдалануы, - заңды тұлғаға елу айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл

салуға әкеп соғады.";

2) 541-баптың бірінші бөлігіндегі "163" санынан кейін ", 168-1" санымен толықтырылсын;

3) 572-баптың бірінші бөлігіндегі "168-171" сандары "168, 169-171" сандарымен ауыстырылсын;

4) 636-баптың бірінші бөлігі 1) тармақшасының жиырма жетінші абзацында "163" санынан кейін ", 168-1" санымен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.